

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РЕКТОРАТЫНЫҢ 2020 жылғы 23 қарашадағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын үйлестіруші *Г.А.Байымбетованың «Жас ғалымдар кеңесінің жұмысы туралы»* ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын үйлестіруші <i>Г.А.Байымбетованың «Жас ғалымдар кеңесінің жұмысы туралы»</i> есебі - <i>назарға алынсын.</i>		
2	Жас ғалымдар кеңесінің мүшелерімен бірлесе отырып, университет магистранттарына және докторанттарына процентильдері 25-тен жоғары, квартильдері Q3-тен төмен емес сапалы шетелдік журналдарды іріктеп, ғылыми мақала жариялау мүмкіндіктері қарастырылсын	<i>Ғылым департаменті, Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы</i>	<i>үнемі</i>
	Университетке постдокторантура лауазымдарына қабылданған жас ғалымдардың жетекшілігімен ғылыми мақалаларды жазудың әдіс-тәсілдерін үйрету сияқты жұмыстары іске асырылсын.		

2. Білім сапасын сараптау және бағалау бөлімінің бастығы *Л.А.Жанбаеваның «Оқу пәндерін оқыту сапасы және оқытушылардың кәсіби шеберлігі – 2020» сауалнама нәтижелері туралы»* ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Білім сапасын сараптау және бағалау бөлімінің бастығы <i>Л.А.Жанбаеваның «Оқу пәндерін оқыту сапасы және оқытушылардың кәсіби шеберлігі – 2020» сауалнама нәтижелері туралы»</i> есебі - <i>назарға алынсын.</i>		
2	Оқытушылардың білім алушыларға сапалы білім беруін және оқытушылардың кәсіби шеберлігін анықтау мақсатында: - Сауалнамадағы білім алушыларды қанағаттандырмайтын пән оқытушыларымен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.	<i>Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаменті Институт директорлары</i>	<i>20.12.2020</i>

	- Университетте жүргізіліп жатқан әр түрлі сауалнамалар барлық процесс бойынша бір жүйеде жүргізілсін (бір орталықтан немесе барлық процестер қарастырылған, біріге отырып сарапталған бір сауалнама дайындау). - Университет негізінде жазылған сауалнама туралы Ереже бір нормативті құжат ретінде ғана шығарылсын		20.12.2020
3	- Сауалнамадағы білім алушылардың ескертулері мен тілектерін тыңдай отырып шартты жұмыстар жасалсын.	Департамент және институт директорлары	

3. Білім сапасын сараптау және бағалау бөлімінің бастығы Л.А.Жанбаеваның «2019/2020 оқу жылына арналған сапаны қамтамасыз етудегі мақсаттардың орындалуы туралы және 2020/2021 оқу жылына сапаны қамтамасыз етудегі мақсаттарды нақтылау туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	- 2019/2020 оқу жылына арналған сапаны қамтамасыз етудегі мақсаттардың орындалуы туралы есеп - назарға алынсын.		
2	- 2020/2021 оқу жылына сапаны қамтамасыз етудегі мақсаттар және 2020-2025 жылдарға арналған Сапа саласындағы саясаттар нақтыланып, бекітілсін.		

4. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтің «Қашықтан оқыту барысында профессор-оқытушылардың білім үдерісі мен қызметі туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтің «Қашықтан оқыту барысында профессор-оқытушылардың білім үдерісі мен қызметі туралы» ақпараты – назарға алынсын.		

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева